



## МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ -АЛАШ РУХЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

**А.Н.Отарова,**

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы,*

**E-mail: [akmaral.otarova@yu.edu.kz](mailto:akmaral.otarova@yu.edu.kz)**

Қазақ елінің тарихында Алаш арыстарының орны қашан да бөлек, қастерлі, қазақ қоғамының, руханиятының дамуының бағдаршамы іспеттес. Ескексіз қайық сияқты қалтылдап, сансырап қалған халықтың көшін түзу бастап, тарих сахнасында жоғалып кетпеу жолында бар ғұмырын қиған, елін өркендеу жолына бастаған Алаш тұсындағы қоғамдық-саяси істе Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтың қатарынан табылған арыстарымыздың бірі Міржақып Дулатұлы болатын.

Ұлттық манифеске баланған “Оян, қазақ!” пен тұңғыш қазақ романының авторы елдік мәселелердің қай саласында болсын өз үнін көтере білді.

Әдеби білімді өз бетінше алған Міржақып Дулатов: “Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді”, - деген көзқарасты ұстанып, ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін, өнегесін көрсетті. Қаламгердің әдеби-эстетикалық ой-тұжырымы ХХ ғасыр басында жетекші күшке айналған – ұлтты ұйыстыру және өркендету идеясын тиянақ етуші ағымды байытты.

Осы игі мақсатта Міржақып Дулатов дүниетанымы үнемі дамуда болды, себебі ол үнемі ізденісте, яғни жаңа білім табу жолында болды. Дүниетанымының қалыптасу процесінде, оның алдына нақтылы қойған мақсат, мұраты болды. Көне түркі заманынан басталатын қазақ философиясы мен ойлау мәдениеті, ауыз әдебиеті, шығыс поэзиясы, батыс өркениеті Міржақып дүниетанымының қалыптасуына ықпал етті.

Ұлы тұлғаның мақсат-мұраты- қазақ халқының жайы, үстемдіксіз еркін өмір сүруі, қанау мен езгіге жол бермеу, қысқаша айтқанда адамның қоғамда еркін және бақытты өмір сүруі болды. Қазақ халқының еркіндігі мен бостандығын мұрат еткен ойшыл тұлға осы



мақсат-мүдденің соңында талмай қызмет етті. Оның қоғамдық қызметтері мен шығармашылық еңбектерінің дүниетанымдық маңызы да осы мақсаттан туындап жатады.

Міржақып Дулатовтың шығармашылық өмірі ғасыр басында қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі де, қиын кезеңіне тура келді. Бұл кезең Ресей патша өкіметінің отаршыл саясатының ақын өзі көрсеткендей шегіне жеткен, бірінен кейін бірі келген төңкерістер, елдің еңсесін езіп тұралатты.

М.Дулатовтың шығармашылық мұрасынан ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы саяси-экономикалық, қоғамдық әлеуметтік хал-ахуалы мен халқымыздың сана-сезім талғамын, дүниеге көзқарасы мен ой-өрісі, болмыс бітімін көреміз. Сонымен бірге оның еңбектерінде көрсетілген мәселелер бүгінгі біздің өмірімізбен, қоғамымызбен үндесіп жатыр.

Міржақып Дулатов шығармаларында көрініс табатын философиялық ой-толғамдары, саяси-әлеуметтік көзқарастары, дүниетанымдық пайымдаулары қазіргі таңда адам үшін берері мол, үйретері көп мұра, өйткені өткен ғасыр басында да қазақ қоғамы жолайрықта тұрды.

Тарихи дамудың магистралдық бағытын дұрыс түсініп, бағалай білген ұлтымыздың ардақты азаматтары әрбір тарихи мүмкіндікті халқымыздың болашағына пайдаланып қалуға, игілігіне жаратуға ұмтылды. Осы мақсатта олар саяси күрестің барлық тәсілдерін ғылыми публицистикалық, көркем-әдеби шығармашылықпен ұштастыра білді. Олардың шығармаларында жеке адамдардың мұң - мұқтажы, арман тілегі сомдалып, тұтас халықтың ұлттық идеясы деңгейіне көтерілді.

Сондықтан да ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, соның ішінде, М. Дулатовтың арман-мақсаты ғасырлар бойы аяққа басылып, жаншылып келген ұлттық сезім мен сананы ояту болды. Сәкен Сейфуллин «Қазақ зиялылары хақында» атты мақаласында «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жыдан бастап –ақ , революциялық идея, ұлттық теңдік пен азаматтыққа үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының ол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды деп жазды [1,19].

Сол кездегі қазақ зиялыларын ойландырған басты 3 мәселе- жер



мәселесі, оқу-ағарту, саяси күрес мәселелері М.Дулатов шығармашылығының да негізгі өзекті тақырыптарына айналды.

М. Дулатов «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында елінің жағдайына, Ресей отарлаушы әкімшіліктерінің озбырлықтарын жаны жылап отырып жазады. «Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосы жоқтығы ызамен кек туғызады. Халық күйзелісін жан тәнімен сезінген сандаған адам есепсіз қаражат шашып Петербургке жол тартып, министрлердің табанын тоздырды. Бірақ оған құлақ асқан министр болмады. Ал қазіргі жағдайымызға көз жіберсек, сол мәртебелі министрліктер тағайындаған түрлі чиновниктер, стражниктер, урядниктер солардың пиғылдарын жүзеге асыру үшін қазақ жерінің төріне аттанып жатыр» [2, 31].

М. Дулатовтың алғашқы ірі шығармасы 1909 жылы Уфа қаласынан шыққан «Оян, қазақ» атты кітабы еді. Осы кітапқа кірген өлең-жырлары теңдік, бостандық, еркіндік үшін күреске үндеді.

Одан әрі «Азамат», «Терме» атты жинақтары жарық көрді. Осы еңбектерінде М. Дулатов халқының бостандық үшін күресін әрқашан ту ретінде көтеріп, бітіспес күреске үндейді. «Қазақ халқы. Қазақ халқының жай-күйі. Кім жеріне жете тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп кім ескереді. Ақ патшаның отарлау әмірі бұл халықты қара табан етіп жерге қаратып, көрге қаратып жұтатып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын көтере түсті. Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен мен өзімнің азғантай білімімді осынау қорланған халқыма бағыштап қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым» [3, 94].

1909 жылы жарық көрген "Оян, қазақ!" өлеңдер жинағының патша әкімшілігінің тарапынан қуғын сүргінге ұшырап, оқуға тиым салынып кәмпескелену себебі де бұл кітаптың - сол патша өкіметінің зымиян саясатын елге әшкере еткенінде еді, Ол қазақ қоғамының дамуына ат салысып, ұлттық сананың көтерілуіне ықпал етеді.

М. Дулатов материалдық игіліктердің мүмкіншілігі адамзат үшін қажет екенін анықтай отырып, қоғам дамуының шешуші күші деп есептейді. "Оян, қазақ!" өлеңдер жинағына енген "hүнерменен асыл болған нәрселер" өлеңінде дамыған елдердің қоғамдық өндірістерін сөз етеді, оның адамзат үшін игіліктеріне тоқталады. Мысалы:

Жүргізді автомобиль ат жетпестен, Әмірі  
қолда болып теріс кетпестен. hүнермен



от пен суды көлік қылып, Алыстан  
телефонмен жүр гәпләскен.

Өндіріс Міржақыптың пікірінше адам өмірін жеңілдете алады. Ол адам қажетінен туып, қоғам өмірінің дамуымен көрінеді.

Ақын ойынша, Қоғамдық прогреске жету үшін, ең бірінші ғылымның дамуы қажет. Ғылымы-білімі дамымаған қоғамда материалдық игіліктер өндірісі және рухани байлықтар өндірісі дамымақ емес.

Міржақыптың шығармашылығындағы үлкен бір сарын - жер-су мәселесі, яғни ата-қонысынан айрылған тұтас елдің мұң-зары. Оның жер мәселесіне арналған еңбектері Ресей патшалығының қазақ халқына қатынасының түрін ашып қана қоймай, тәуелсіздіктің маңызын да ашып отырды, қоғамдық болмысты бейнеледі.

Міржақыпты толғандыратын қазақ жеріне орыс крепостниктерінің көп мөлшерде келіп орналасуынан қазақ халқы өзінің асыл қасиеттері, салт-дәстүрлерінен айырылып қалу жағдайы. Оның "Қазақ жерлері" атты өлеңінің әлеуметтік философиясы ол жер, су идеясы, отаршыл саясаттың құқайына дес бермеу идеясы, әлеуметтік ойлары былайша беріледі

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,

Мұжыққа қош аман бол барасың да

Қасиетті бабамыздың зиараты,

Қалдың-ғой көшесінің арасында.

Моншаға зиараттың тасын алып,

Ағашын отқа мұжық жағасың да..[3,26].

Ақынның әлеуметтік ойларының мұраты, туған жер отаршылдардың ойранына айналып талқыға түссе, осы жерді қасық қаны қалғанша қорғаған қасиетті ата-бабамыздың зиратына, яғни ұлт мәдениетіміздің мүддесіне нұқсан келер болса, сонда "халің нешік болмақ" деген сұрақ қою арқылы үлкен қайғы-қасіреттен сақтандырады. Ол бұл тұйықтан шығудың жолы, яғни жерді, елді, салт-дәстүріміз бен рухани қазынамызды сақтап қалудың бірден-бір жолы - бірлікте, ғылымда, білімде, өнерде деп пайымдайды. Қоғамдық ойды дамытуда әлеуметтік ой-толғаулары оның бүкіл шығармашылығында біріне-бірі жалғасып, бірін-бірі толықтырып, жаңа бір тебіреніспен қайта шындалып отырады.

1917 жылы 21-26 Орынбор қаласында өткен бірінші бүкіл



қазақтық съезінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. "Қазақ" газетінің айналасына топтасқан қазақ зиялылары (А.Байтұрсынов, М.Дулатов) съезд мәселелерін шешуде аса қызулықпен ат салысты. Күн тәртібіне қойылған мәселелердің ішінде жер туралы мәселені, аса ұқыптылықпен, әрі жан-жақты талқылады [4,68].

М.Дулатовтың шығармаларынан ғасыр басындағы қазақ қоғамының болмысын қазақ халқының санасының деңгейін көреміз. Оның шығармалары жай ғана көркем туындылар емес халықтың ұлттық санасын оятқан шығармалар болды.

М.Дулатовтың мұраты Ресей патшалығының отаршыл саясатынан түмшаланған халқының сана-сезімін оятып, рухани мәдениетін көтеру. Осы орайда ақынның еңбектерінде әлеуметтік, яғни азаматтық ойлар, дүниетаным бой көтереді. Ол мемлекетті басқару жүйесінде әкімшілік ұстанған саясатты жақсы түсінді және қазаққа тиген билік үш жылда бір сайланатын болыстық басқару "қазақтар өзара қызметке таласып, сүйекке таласқан иттей қырқысуы" [5,47]. үшін ұстанған саясат екенін де жақсы түйсінді, Сондықтан да ол патшалық өкіметтің реформасымен байланысты енгізілген сайлау жүйесін ел ішін арандатар кесірлі іс деп санайды.

Шыққалы Волост сайлау кырық жыл өтті, Сол сайлау байқасаңыз түпке жетті.

Бай болып, мырза атанып мал біткендер,

Таласып болыстыққа ақша төкті.

"Сайлау басы төреге мың-мың" пара берсем болыс болып, елді билеймін деп малын шашып, бір-біріне нахақтан жала жауып, ел ішінде керіс әңгіме жанжал өрбиді. "Ағадан іні айырылып, атадан ұл айырылып" ағайындықтың яғни адамгершіліктің емес билік, пұлдың құнын жоғары көтерген сорлы халқының көзін ашуға талпынады.

Ар-ұжданды жоғары бағалай отырып, адам өз-өзіне, қоршаған ортаға қарым-қатынасын тиісінше реттеп отыруы қажет. Міржақып болыстық билікке байланысты әр шығармасында бұл биліктің құрылысы мен құрылымының саясатын ашуға тырысты. Оның шығармаларының әр жолы қазақ халқының санасын оятуға құрылады және аталмыш кезеңде шығармалары қазақ халқының санасының жетіліп, көзінің ашылуына аса зор ықпал еткені сөзсіз.



М. Дулатов дүниетанымының негізгі ұстанған бағыты адамды қоршаған табиғи орта мен нақтылы болмыс пен тұрмысты тану. Оның қалдырған шығармашылық мұрасы да өзін қоршаған ортаны тануы мен пайымдауының қорытындысы. Оның пайымдауынша болыстық сайлау жүйесі қазақтың жолынан адастырып, санасын улаған қайғы қасірет әкелді. Билікке таласып "ар ожданым ақшаға сатып" адасқан елін, шығармаларының әр жолында қоршаған дүниені, болмысты танытуға, түсіндіруге құрылады.

М. Дулатов елдің санасында билік еткен әлеуметтік болмысқа объективті талдау жасайды. Сол талдаулары арқылы халқының сана-сезіміне әсер етіп, қазақ қоғамының дамуын көздейді.

"Оян, қазақ" өлеңдер жинағы қоғамдағы әлеуметтік сипатты бейнелеп қана қоймай, әлеуметтік шындықты танып білді. Белең алған қоғамдық жат іс-қимылдарды ашып, әлеуметтік жат мінездерді өзгерілуіне ықпал етуге әрекеттенді. Оның барлық саналы өміріндегі қоғамдық-саяси іс-қимылы тек халықтық мүддеге арналады.

Міржақып Дулатов елін, жерін жан-тәнімен сүйді. Оған дәлел оның халықтың мүддесін қорғау жолындағы қиын да, қатерлі өмір жолы. Қайраткердің ерекшелігі де сол, осы жолды саналы түрде таңдап алуы. "Кім үшін тусам, сол үшін өлу борышым" деп жырлаған ақын, өзін халыққа арнайды, халықтық тілекке арнайды. Халық үшін қызмет ету, әр адамның азаматтық борышы.

Ақынның басты мұраты елінің тәуелсіздігі болса, ал тәуелсіздікке жету жолы әлеуметтік сипат алған жағымсыз іс-қимылдар мен мінез-құлықты реттеуге ықпал ету.

Сонда халықтың санасы оянып, көзі ашылып жүрер жолының бағыты азаттыққа жету екенін түсінеді. Ойшыл азаматтың тұжырымдауынша тәуелсіздігінен айырылған қазақ халқының ауызбірлігі де жоғала бастайды.

Ақын алауыздыққа қарсы бірлік, жалқаулыққа қарсы еңбекті, жалақорлыққа қарсы адамгершілікті, дүниеқоңыздыққа қарсы қанағатты, басқа да көптеген терең мағыналы философиялық ой толғайды. Ол елбилеуші беделді ақсақалдар мен бай-билердің және оқыған азаматтардың әлеуметтік белсенділігінің көмегімен қазақ қоғамындағы сана мен ойды дамытуға, адамды адамгершілік жағынан жетілдіруге болады деп сенді. Оның шығармашылығының халық үшін құндылығы аталмыш кезеңде қоғамдағы әлеуметтік



болмысқа объективті баға бере алды, әлеуметтік теңсіздіктер мен қайшылықтардың себебі мен тигізер зиянын көрсете білді, одан шығар жолды халыққа көрсете алды.

Ақын шығармаларындағы философиялық ой-толғамдары-қоршаған ортаның қатынасын тану адам жанының табиғатын ашу. Әр халықтың, әр адамның тәуелсіздігінің өз қолында болуы. Ол осы жолда, яғни қазақ халқының тәуелсіз мемлекет болу жолында, өркениетті қоғам құру жолында аянбай еңбек еткен қайраткер, ұлт көсемі.

Міржақып Дулатов мұрасының әлеуметтік дүниетанымы - қоғам және адам, адамның өмір сүру философиясы. Жалпы оның шығармаларының негізін жасайтын "еркіндік", "тәуелсіздік" ұғымдары халқына деген махаббатымен және оның өркендеген ел болсын деген тілектен туындап астасып жатады. Сондықтан ол халқын бірлік пен туысқандыққа үндеді. Ағартушылық арқылы халықтың санасын дамытып, демократиялық жолмен егемендікке жетуді ұсынды.

Оның дүниеге деген көзқарасы, қоршаған болмысты тануы, тарихи білімі, халықтың дүниетанымын терең түсіне білуі қоғамдық ой-пікірлерінде көрініс береді. М.Дулатовтың еңбектері ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық санасын, болмыс- бітімі мен дүниеге көзқарасын көрсетуімен ғана емес, аталмыш кезеңдегі қазақ халқы үшін де, біз үшін, болашақ ұрпақ үшін де дүниетанымдық маңызы зор мұра.

Түйіндей келгенде, әдебиеттің барлық жанрында бірдей қалам тартқан қаламгер қайраткер М.Дулатовтың өмірлік мақсатының биік нысанасы – туған халқының бостандығы, өзін-өзі билеуі, отарлық езгіден құтылуы еді. Ол қуғын-сүргін көріп, түрме азабын тартып жүрген азапты күндердің өзінде де, ақтық демі біткенше бұл жолдан тайған жоқ. Бөкейханов, Байтұрсынов және Дулатовтың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі – ұлтқа қызмет етудің, ұлт зиялыларын қалыптастырып, дамытудың озық үлгісі болды.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бес арыс. Алматы, 1992. 470 б.
2. М.Дулатов. Шығармалары. Алматы. Жазушы, 1991. 384 б
3. М. Дулатов "Оян, қазақ!". Алматы. Алтын-Орда, 1991. 452б
4. К. Нұрпейісов Алаш һәм Алаш Орда. Алматы, Ататек, 1995. 398 б
5. М. Мағауин. Ғасырлар бедері. Алматы. Жазушы, 1991. 432б